



## Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі

Салт-дәстүр – халықтың жөн-жоралғыларының, өмірлік ұстанымдарының жиынтығы. Салт-дәстүр – халықтың тұрмысынан, шаруашылығынан, қалыптасқан қоғамдық қатынастарынан, дүниетанымынан туындайтын мәдени құбылыс.

Әдет-ғұрып ұзақ тарихи мерзімде біртіндеп қалыптасып, халықтың санасына сіңіп, қай ұлттың болсын ұлттық болмысын құрайды және оны басқа этностардан ерекшелендіреді.

Қазақ әдет-ғұрыптарын олардың қоғамдық атқаратын қызметіне қарай отбасылық және қауымдық ғұрыптар деп үлкен екі топқа бөлуге болады. Отбасылық ғұрыптарға баланың дүниеге келуі, ержетуі, келін түсіру, қыз ұзату және қайтыс болған адамды жөнелту жатады. Қауымдық-қоғамдық ғұрыптарға бүкіл қауым болып өткізетін, жалпы қоғамдық мәні бар әдет-ғұрыптарды жатқызуға болады. Олар: наурыз тойы, құрбан айт, ораза айт, ас беру және т.б. Қазақ әдет-ғұрыптарын отбасылық және қауымдық-қоғамдық деп бөлуді шартты түрде ғана түсіну керек. Өйткені отбасылық ғұрыптар мен қауымдық-қоғамдық салт-сана өзара астасып, араласып жатады.

Халқымыздың шаруашылығының басым түрі жартылай көшпелі малшаруашылығы болды. Өзінің өсіріп отырған мал басының аман болуын тілегендіктен оларға байланысты әртүрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүр дүниеге келеді. Сондай әдет-ғұрыптардың бірі – отпен тазарту. Бұл салт бойынша көктемде қыстаудан көшерде қыстау мен малды тазарту үшін от жағып, малды оның арасынан айдап өткізген. Бұл қазақ жеріне ислам діні енгенге дейінгі от киесіне табыну түрі еді.

Ел жайлауға көшкенде әрбір ауыл өз көшінің салтанатты, сәнді безендірілуіне ерекше көңіл бөлген. Ол үшін алдыңғы түйені жақсы алаша, кілемдермен жабулап, қырғауылдың ұзын қауырсынынан төрт басты қарқара орнатқан. Мұндай көшті «қарқаралы көш» деп атаған. Қарқаралы түйені ауылдағы құрметті әйел немесе жас келін жетекке алған. Халық түсінігі бойынша қырғауылдың қауырсыны көшті көз тиюден немесе жол-жөнекей болатын қолайсыз жағдайлардан сақтайды.

Халқымыздың таным-түсінігінде басты орында отбасы болғандықтан, бұл мәселеге байланысты әдет-ғұрып өте көп.

Қазақ отбасында ата-ана үшін ұлын үйлендіру мәселесі үнемі бірінші орында тұратын болған. Болашақ келінді бала кезінен іздейтін болған. Тіпті екі жасты балалар дүниеге келмей жатып-ақ атастыратын. Құдаларды өнегелі, құрметті, текті жерден іздестірген. Қазақтарда жеті атаға толмаған туыстар арасында неке қиюға қатаң тыйым салынған.

Құда түсу салтын жігіттің ата-анасы немесе оның жасы үлкен туғаны жүргізген. Құда түсу үшін өзінің сенімді адамын жаушы етіп жібереді. Егер қыздың ата-анасы ұсынысты қабылдаса, құдалардың келу күнін белгілеп, келген жаушыға шеге шапан деп аталатын шапан жабады. Бұдан кейін күйеудің әкесі айтылған мерзімде құдалар жіберіп, қалың малдың көлемі, тойға жұмсалатын шығындар, жасау-жабдық, қалың мал төлеу мерзімі және тойды өткізетін уақыт туралы ресми келіссөз жүргізеді. Дала халқында қуанышты хабар жеткізгенде сүйінші сұрайтын әдет-ғұрып болған. Қуанышты хабар жеткізген адамға жақсы сыйлық жасалады. Хабардың маңызына, сүйінші берушінің қолының ашықтығына қарай сүйінші көлемі әрқалай болады.

Көрімдік – қандай да болсын жаңа дүниені алғаш көрсеткенде көрімдікті ұйымдастырушының алатын сый-кәдесі. Мысалы, қазақ алғаш көрген келінге, күйеуге, нәрестеге, ботаға, жаңа киімге, әшекей затқа, жаңа отауға көрімдік береді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімі ежелден бар. XIX ғасырдың аяқ кезінде неміс ғалымдарының бірі фон Шварц былай деп жазған: «Қырғыз-қайсақтарда сұлтан, батырлармен қатар барлық жасы үлкен, қартайған ер-азаматтардың бәрі де кім екеніне, қандай тектен шыққанына қарамастан ерекше сый-құрметке бөленеді».

Жастар алыс жолға аттанарда не үй болып, шаңырақ көтерерде жасы үлкен ақсақалдардың алдынан өтіп, ақ батасын алады. Жасы үлкен әрі құрметті адамдардан мұндай батаны жауға аттанарда да сұрайды.

Қазақтардың арасында достасып-бауырласу немесе тамыр болу әдет-ғұрпы да кеңінен тараған. Бұл рәсім куәлардың көзінше салтанатты жағдайда өткізіліп, нығайтыла түседі. Рәсім кезінде екі дос қылыштың не қанжардың жүзін сүйіп, мәңгі адал дос болуға

серттесіп, ант ішіседі. Олар бір-біріне мәңгі достықтың белгісі болсын деп қымбат бағалы бұйымдар ұсынады.

Қазақтарда отбасы мен некеге қатысты сонау ежелден келе жатқан бірегей әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер бар. Дүниеге келген жас нәрестенің құлағына азан шақырып ат қойылады. Жасы үлкен туыстың бірі құраннан аят оқып, нәрестенің атын оның құлағына үш рет қайталап дауыстайды. Бала жүруге талпынғанда оның тұсауын кесу рәсімі жасалады. Ер бала 3, 5 және 7 жасқа толғанда оны сүндетке отырғызу рәсімі өткізіледі. Баланың әкешесі сүндет тойға қонақ шақырып, ат шаптырып, той жасайды.

Наурыз – Шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, бұл парсы тілінің, ноу – жаңа, руз – күн деген сөздерінен шыққан. Қазақ халқы бұл күнді Ұлыстың ұлы күні дейді, өйткені бұл күн бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің мерекесі ретінде тойланған.

Ұлыстың ұлы күні жұрт жұмыс істемейді, сапарға шықпайды, ешкім ешкімді ренжітпейді, ренжімейді. Бұл күні адамдар бір-біріне қонаққа барып, таза киімдерін киіп, өздері де қонақ күтеді. Әр адам кем дегенде жеті үйге кіріп, дәм татып шығуы керек. Бұл көнеден келе жатқан мейрамның мерекелік тағамы – наурыз көже. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалады: су, ет, тұз, май, ұн, тары (күріш, бидай, жүгері) және сүт. Наурыз көже барлық адамдарды жомарттыққа, ізгілікке, ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақырады. Бұл күні дәстүр бойынша мерекелік қойылымдар, ұлттық ойындар, ақындар айтысы, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, бәйге және т.б. ойындар өткізіледі.

### Тезистер

- Салт-дәстүр – халықтық жөн-жоралғылардың, өмірлік ұстанымдардың жиынтығы. Салт-дәстүр – халықтың тұрмысынан, шаруашылығынан, қалыптасқан қоғамдық қатынастарынан, дүниетанымынан туындайтын мәдени құбылыс.
- Әдет-ғұрып ұзақ тарихи мерзімде біртіндеп қалыптасып, халықтың санасына сіңіп, қай ұлттың болсын ұлттық болмысын құрайды және оны басқа этностардан ерекшелендіреді.
- Қазақ әдет-ғұрыптарын олардың қоғамдық атқаратын қызметіне қарай отбасылық және қауымдық ғұрыптар деп үлкен екі топқа бөлуге болады.
- Қауымдық-қоғамдық ғұрыптарға бүкіл қауым болып өткізетін, жалпы қоғамдық мәні бар әдет-ғұрыптарды жатқызуға болады.
- Қазақ әдет-ғұрыптарын отбасылық және қауымдық-қоғамдық деп бөлуді шартты түрде ғана түсіну керек.
- Ескі әдет-ғұрыптардың бірі – отпен тазарту. Бұл салт бойынша көктемде қыстаудан көшерде қыстау мен малды тазарту үшін от жағып, малды оның арасынан айдап өткізген.
- Ел жайлауға көшкенде әрбір ауыл өз көшінің салтанатты, сәнді безендірілуіне ерекше көңіл бөлген. Ол үшін алдыңғы түйені жақсы алаша, кілеммен жабулап, қырғауылдың ұзын қауырсынынан төрт басты қарқара орнатқан. Мұндай көшті «қарқаралы көш» деп атаған. Халық түсінігі бойынша қырғауылдың қауырсыны көшті көз тиюден немесе жол-жөнекей қолайсыз жағдайлардан сақтайды.
- Қазақта жеті атаға толмаған туыстар арасында неке қиюға қатаң тыйым салынады.
- Құда түсу салтын жігіттің ата-анасы немесе оның жасы үлкен туысы жүргізген.
- Дала тұрғындары бір-біріне қуанышты хабар жеткізгенде сүйінші сұрайтын әдет-ғұрып бар. Қуанышты хабар жеткізген адамға жақсы сыйлық жасалады.
- Көрімдік – қандай да болсын жаңа дүниені алғаш көрсеткенде көрімдікті ұйымдастырушының алатын сый-кәдесі.
- Жастар алыс жолға аттанарда не үй болып, шаңырақ көтерерде жасы үлкен ақсақалдың алдынан өтіп, ақ батасын алады. Жасы үлкен әрі құрметті адамдардан мұндай батаны жауға аттанарда да сұрайды.
- Қазақ арасында достасып-бауырласу немесе тамыр болу әдет-ғұрпы да кеңінен тараған. Рәсім кезінде екі дос қылыштың не қанжардың жүзін сүйіп, мәңгі адал дос болуға серттесіп, ант ішіседі.
- Дүниеге келген жас нәрестенің құлағына азан шақырып ат қояды.
- Бала жүруге талпынғанда оның тұсауын кесу рәсімі жасалады.
- Ер бала 3, 5 және 7 жасқа толғанда оны сүндетке отырғызу рәсімі өткізіледі.
- Наурыз – Шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы, қазақ халқы бұл күнді Ұлыстың ұлы күні дейді, өйткені бұл күн бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің мерекесі ретінде тойланады.
- Ұлыстың ұлы күні жұрт жұмыс істемейді, сапарға шықпайды, ешкім ешкімді

ренжітпейді, ренжімейді. Бұл күні адамдар бір-біріне қонаққа барып, таза киімдерін киіп, өздері де қонақ күтеді. Әр адам кем дегенде жеті үйге кіріп, дәм татып шығуы керек.

- Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалады: су, ет, тұз, май, ұн, тары (күріш, бидай, жүгері) және сүт.